

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметаны орындау туралы есепті орналастыру қағидаларын, Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаны орындау барысы туралы тұтынушыларды хабардар ету қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің кейбір бүйректарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 566 бүйрекі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 тамызда № 11972 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бүйрекімен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

БҮЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бүйрекқа 1-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаны орындау туралы есепті орналастыру қағидалары;

2) осы бүйрекқа 2-қосымшаға сәйкес Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік сметаны орындау барысы туралы тұтынушыларды хабардар ету қағидалары;

3) осы бүйрекқа 3-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің кейбір бүйректарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйректы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрек мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" акпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлік

міндетін атқарушы

Т. Жақсылықов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлік

міндетін атқарушы

С. Омаров

2015 жылғы 31 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрлік міндетін атқарушы

А. Рай

2015 жылғы 29 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлік

міндетін атқарушы

Ұ. Қарабалин

2015 жылғы 27 шілде

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлік

міндетін атқарушының

2015 жылғы 24 шілдедегі

№ 566 бұйрығына

1-қосымша

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаны орындау туралы есепті орналастыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаны орындау туралы

есепті орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Занына сәйкес өзірленді.

2. Қағидалар табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаны орындау туралы есепті табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында не үекілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында орналастыру тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен ұғымдар пайдаланылады.

1) табиғи монополия субъекті – табиғи монополия жағдайында тауарлар өндірумен, жұмыстарды орындаумен және (немесе) тұтынушыларға қызметтер көрсетумен айналысатын дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

2) тарифтік смета – үекілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бөлінісінде бекітетін кірістер мен шығыстар баптары туралы реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері туралы көрсеткіштер және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8642 тіркелген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бүйрүғымен бекітілген нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері;

3) үекілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) үекілетті органның ведомствоны – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаны орындау туралы есепті орналастыру тәртібі

4. Табиғи монополия субъектісі үекілетті органның ведомствонына ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8625 тіркелген, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бүйрүғымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту

қағидаларына (бұдан әрі - № 213-НҚ Қағидалары) 1-қосымшаға және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8642 тіркелген, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларына (бұдан әрі - № 215-НҚ Қағидалары) 2-қосымшаға бекіту туралы" сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрінің белінісінде өткен күнтізбелік жылға бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы есеп береді және оны өзінің интернет-ресурсында бір мезгілде орналастырады не уәкілетті органның ведомствоының тарифтік сметаны орындау туралы есепті уәкілетті орган ведомствоының интернет-ресурсында орналастыру туралы өтініш жолдайды.

5. Субъекті тарифтік сметаны орындау туралы есепке өткен күнтізбелік жылға мынадай материалдарды:

- 1) осы № 213-НҚ Қағидаларына 1-қосымшада және № 215-НҚ Қағидаларына 2-қосымшада көрсетілген кестені қоса беріп, тарифтік сметаны орындамау себептерін түсіндіре отырып, оның орындалуы туралы түсіндірме жазбаны;
- 2) бухгалтерлік теңгерімді;
- 3) кірістер мен залалдар туралы есеп;
- 4) дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылған жазбасын;
- 5) капиталдағы өзгерістер туралы есепті;

6) ағымдағы, күрделі жөндеулер мен басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығын сметаларын іске асыру туралы мәліметтерді;

7) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдерінің көшірмелерін;

8) тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемелеріне) ұсынылған төмендету коэффициенттері туралы қағаз жүзіндегі және электрондық ақпаратты;

9) уәкілетті органның құзыреті шегінде нақты шығындарды растайтын басқа да материалдарды қоса береді.

6. Тарифтік сметаны орындау туралы есепке қоса берілетін материалдар тігіледі, нөміренеді және табиғи монополия субъектісінің мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның немесе құзыретіне бухгалтерлік есеп және қаржы мәселелері кіретін табиғи монополия субъектісінің басшысы орынбасарының қолымен расталады. Қаржы құжаттарына табиғи монополия субъектісінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және табиғи монополия субъектісінің мөрімен расталады.

7. Уәкілетті органның ведомствоны тұтынушылардың арыздары, шағымдары, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, мемлекеттік органдардың етініштері бойынша және өз бастамасымен табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнама бұзушылығын бекітілген тарифтік сметаны орындау, сол сияқты тарифтік сметаны орындау туралы жобаны және (немесе) есепті ұсынбау бөлігінде анықтап, мына іс-қимылдардың бірін қабылдауы мүмкіндігін қарайды:

1) қолданыстағы тарифтік сметаға өзгеріс енгізуге бастамашылық жасау;

2) табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ден қою шараларын қолдану;

3) уақытша өтемдік тарифті белгілеу.

8. Табиғи монополия субъектісі тарифтік сметаны орындау туралы ақпаратты

:

өзінің интернет-ресурсында - уәкілетті органның ведомствонына тарифтік сметаны орындау туралы есепті жолдаған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күні ішінде орналастырады. Мұндай жағдайда табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствонына осындағы ақпараты орналастырганы туралы тиісті ақпаратты оны орналастырган күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) ішінде жолдайды не уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында орналастырады. Мұндай жағдайда табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствонына тарифтік сметаны орындау туралы есеппен бірге уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында тарифтік сметаны орындау туралы есепті орналастыру қажеттігі туралы хабарламаны жолдайды.

Уәкілетті органның ведомствоны табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындау туралы есебін өзінің интернет-ресурсында уәкілетті органның ведомствонына тарифтік сметаны орындау туралы есеп түскен сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) ішінде орналастырады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
міндеттін атқарушының
2015 жылғы 24 шілдедегі
№ 566 бұйрығына
2-қосымша

Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік сметаны орындау барысы туралы тұтынушыларды хабардар ету қағидалары

1. Осы Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік сметаны орындау барысы туралы тұтынушыларды хабардар ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи

монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік сметаны орындау барысы туралы тұтынушыларды хабардар етуін табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсы не уәкілетті органның интернет-ресурсы арқылы орналастыру тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен ұғымдар пайдаланылады.

1) табиғи монополия субъектісі – табиғи монополия жағдайында тауарлар өндірумен, жұмыстарды орындаумен және (немесе) тұтынушыларға қызметтер көрсетумен айналысатын дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

2) тарифтік смета – уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бойынша бекітетін кірістер мен шығыстар баптары, реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері туралы көрсеткіштер және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8642 тіркелген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бүйрекімен бекітілген нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері;

3) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) уәкілетті органның ведомствоы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасын табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік сметаны орындау барысы туралы тұтынушыларды табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсы не уәкілетті органның интернет-ресурсы арқылы хабардар ету тәртібі

4. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствоына ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрінің бөлінісінде өткен күнтізбелік жылға бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы есепті Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8625 тіркелген, Қазақстан Республикасы Табиғи

монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларына (бұдан әрі – № 213-НҚ Қағидалары) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және Нормативтік құқықтық аткілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8642 тіркелген, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларына (бұдан әрі – № 215-НҚ Қағидалары) 2-қосымшаға сәйкес ұсынады және өзінің интернет-ресурсында бір мезгілде орналастырады не уәкілетті органның ведомствосына тарифтік сметаны орындау туралы есепті уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастыру қажеттілігі туралы өтініш жолдайды.

5. Табиғи монополия субъектісі тұтынушыларды өзінің интернет-ресурсында осындай ақпаратты орналастыру арқылы тарифтік сметаны орындау туралы хабардар еткен жағдайда, табиғи монополия субъектісі уәкілетті орган ведомствосының мекенжайына оны орналастырған сэттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осындай ақпаратты орналастыру туралы тиісті хабарлама жолдайды.

6. Тұтынушыларды уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсы арқылы тарифтік сметаның орындау барысы туралы хабардар еткен жағдайда, тиісті өтінімді табиғи монополия субъектісі № 213-НҚ Қағидаларға 1-қосымшаға және 215-НҚ Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпаратты қоса бере отырып, уәкілетті орган ведомствосының мекенжайына жолдайды.

Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісі ұсынған тарифтік сметаны орындау туралы есепті уәкілетті органның ведомствосына тарифтік сметаны орындау туралы есеп түскен сэттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
міндеттін атқарушының
2015 жылғы 24 шілдедегі
№ 566 бұйрығына
3-қосымша

**Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1) "Сумен жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 қаңтардағы № 17-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2154 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде 2003 жылғы № 14 жарияланған, 829-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10561 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 177 бұйрығымен бекітілген Өз қызметін концессия шарттары бойынша жүзеге асыратын табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін қалыптастыру ережесінің 10-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 120) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДЫМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сумен жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулықта:

5-тармақта:

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) пайданың (таза кірістің) жол берілетін деңгейі - Субъектінің тиімді жұмыс істеуі және тұтынушыларға өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасын жақсарту үшін алуға құқығы бар тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) құрамына кіретін және уәкілдті органдарының ведомствоны бекітуі (келісуі) тиіс пайда (салық салынғаннан кейінгі таза кіріс);

5) "тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейі – қажеттілігіне қарай жылдарға бөліп ұзак мерзімді кезеңге бекітілетін табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне (тауарына, жұмысына) арналған тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) ең жоғары шамасы";

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) уәкілетті органның ведомствоны – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қолданысқа енгізілген активтердің коэффициентін Субъекті уәкілетті орган ведомствоның келісімі бойынша айқындалады.";

10. Активтердің нақты құны конкурстық негізде таңдал алынған тәуелсіз бағалау ұйымдарының негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде алынған Субъектілердің негізгі құралдарының қалдық құнының негізінде айқындалады. Субъектінің негізгі құралдарына қайта бағалау уәкілетті орган ведомствоның келісімі бойынша жүргізіледі.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін пайда мөлшерлемесі 30%-ға дейінгі мөлшерде қабылданады.

Қаржыландыру көздерін инвестициялар көлемдерінен асырган кезде, пайда инвестицияларды қаржыландыру көздері ретінде амортизациялық аударымдар мен қарыз қаражаттарды ескере отырып, инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға қажет деңгейге дейін төмендету жағына түзетіледі.

Егер сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөнінде көрсетілетін қызметтерге тарифтердің жоспарлы деңгейі 1 m^3 үшін қосымша құн салығынсыз 200 теңгеден асатын болса, пайда мөлшерлемесі тарифті немесе оның шекті деңгейін бекітуге өтінімді беру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің деңгейінде қабылданады.

14. Энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілері үшін пайда мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшенген құнының (бұдан әрі - КОӘК) әдісі арқылы есептеледі және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ПМ (КОӘК)} = ((1 - g) \times re) + (g \times rd), \text{ мұндағы:}$$

g - қаржыландырудың жалпы құрылымындағы Субъектінің қарыз және меншік капиталының арасалмағын сипаттайтын шама болып табылатын леверидж, яғни негізгі құралдарға жүргізілген соңғы қайта бағалау ескеріліп, барлық капитал құрылымындағы (меншікті және қарыз капиталының сомасы) нақты қарызға алынған қаражаттардың үлесі. Леверидждің деңгейі нөлден кем емес шама болып табылады. Субъектінің меншікті капиталының теріс мәні жағдайында леверидж деңгейі 1-ге тең шамада қабылданады;

re - меншікті капиталға сыйақының мөлшерлемесі (%);

rd - қарыз қаражатына сыйақының мөлшерлемесі (%).

Қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$rd = rf + BC, \text{ мұндағы:}$$

rf – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып айқындалатын тәуекелсіз мөлшерлеме;

BC – Субъекті шығаратын және сол мерзімде айналымдағы мемлекеттік құнды қағаздарға қатысты айналымда болған борыштық міндеттемелерге, егер борыштық міндеттемелерді шығару орын алған жағдайда, сыйлықақы негізінде айқындалатын Субъекті бойынша тәуекел үшін борыштық сыйлықақы. Басқа жағдайда ол осыған ұқсас қызмет түрімен айналысатын және Қазақстан Республикасының аумағында осындай кредиттік рейтингі бар басқа Субъектілердің борыштық сыйақыларын ескере отырып айқындалады.

Меншікті капиталға сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$re = rf + ra, \text{ мұндағы:}$$

ra - меншікті капиталға тәуекел үшін сыйлықақы. Меншікті капиталға тәуекел үшін сыйлықақы Қазақстан Республикасының қор нарығы бойынша тәуекел үшін сыйлықақының негізінде тұтастай айқындалады және салалық бета-коэффициентке мынадай формула бойынша түзетіледі:

$$ra = b x (15,7\% - r_f), \text{ мұндағы:}$$

b - энергетикалық сектордың салалық бета-коэффициенті.

Салалық бета-коэффициенті 1,3 деңгейінде қабылданған "Халықтық IPO" бағдарламасы шенберінде бағалы қағаздар нарығында акциялар шығаруды жүзеге асыратын Субъектілерді қоспағанда, энергетикалық сектор ұйымының қолданысқа енгізілген активтеріне пайда мөлшерлемесін есептеу үшін салалық бета-коэффициент 0,89 деңгейінде қабылданған.

Акционерлік капиталға арналған сыйақы құны қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан кем болмайтын шама болып табылады.";

2) "Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекіту Ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2003 жылғы 19 наурыздағы № 80-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2237 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 254) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН:**"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және тарифтік сметаларды оңайлатылған тәртіппен бекіту ережесінде:

5, 5-1 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген Шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін (бұдан әрі - Ерекше тәртіп), Заңның 13-бабы 1 -тармағының 4) тармақшасына сәйкес бекітілген бухгалтерлік есеп стандарттарын, салық заңнамасын қоса алғанда, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды есептеудің салалық әдістемелерін (бұдан әрі – салалық әдістемелер) басшылыққа алады.

5-1. Активтері жасалған мәміленің немесе банкрот болып танылған борышкер – табиғи монополия субъектісінің конкурстық салмағын өткізу нәтижесінде меншігіне түсken табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекітуге өтінім бергенге дейін тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) конкурстық өндіріс процесінде өндіріп алған осы активтердің немесе мұліктің меншік иелері үшін уәкілетті органның ведомствоның бұрын бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) және тарифтік сметалар немесе олардың шекті деңгейлері бойынша, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге ұсынады.";

6. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген табиғи монополиялар субъектілері уәкілетті органның ведомствоның оларды табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне енгізілгені туралы хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органның ведомствонына тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекітуге өтінім ұсынады.";

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін қоспағанда, көрсетілетін қызметтердің осы түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде, есептерінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға шығындарды пайдалануды көзdemейтін телекоммуникацияның реттеліп

көрсетілетін қызметтеріне салалық әдістемелерді қолдана отырып, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің салалық әдістемелерін қолданып, реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) есептеу жағдайларында телекоммуникация саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекітүге арналған өтінімге:

1) уәкілдегі орган ведомствоның тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды есептеудің жаңа әдіснамасын қабылдауына немесе есептерде табиғи монополия субъектісі шығындарды пайдалануды көздемейтін қолданыстағы әдістемелерге өзгерістер енгізуіне байланысты тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту қажеттілігі туралы түсіндірме жазба;

2) реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобалары;

3) телефон желілерінің саны;

4) пайдаланушылардың санаттары бойынша абоненттердің саны;

5) абоненттер санаттары бойынша және қосылыстар бағыттары бойынша телекоммуникацияның негізгі көрсетілетін қызметтеріне қолданыстағы тарифтер;

6) желіаралық трафиктерді өткізу үшін қолданыстағы есептік мөлшерлемелер;

7) халықаралық байланыс операторларының қолданыстағы есептік мөлшерлемелері;

8) кіретін халықаралық трафикті өткізу үшін қолданыстағы есептік мөлшерлемелер;

9) ұялы телефон байланысы операторларының қолданыстағы есептік мөлшерлемелері;

10) желіаралық трафик түрлері бойынша занды тұлғалар және байланыс операторлары үшін жергілікті, аймақшылік, қалааралық және халықаралық деңгейлерде қосқаны үшін қолданыстағы тарифтер;

11) абоненттер санаттары бойынша және қосылыстар бағыттары бойынша қолданыстағы женілдіктер;

12) телекоммуникацияның негізгі қызметтеріне арналған қолданыстағы шегерімдер;

13) телекоммуникацияның негізгі көрсетілетін қызметтеріне орташа өлшенген тарифтер;

14) реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтердің (бағалардың, алым мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың есебі;

15) реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың есебін растайтын және негіздейтін басқа да мәліметтер мен материалдар қоса беріледі.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) ұсынуға тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобасын құнтізбелік отыз күннің ішінде қарайды.

Тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобасын қарау мерзімі өтінімнің уәкілетті органның ведомствосына келіп түскен күннінен бастап саналады.

10. Уәкілетті органның ведомствосы қажет болған жағдайда тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобаларына тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық ұйымдарын тарта отырып, табиғи монополия субъектісі өтініммен бірге ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептерді талдау, сондай-ақ осындай қызмет түрімен айналысатын табиғи монополиялар субъектілерінің қызмет көрсеткіштерін салыстырмалы талдау негізінде сараптама жүргізеді.";

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының бүйрығы түрінде ресімделеді және табиғи монополия субъектісіне бекітілген тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны енгізгенге дейін құнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жіберіледі.

13. Бекітілген тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды енгізу уәкілетті органның ведомствосы белгілеген күннен бастап жүзеге асырылады.";

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Ереженің 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаны бекіткен күннен бастап тоғыз айдан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына оларды қайта қарау үшін өтініш беруге міндетті.

17. Оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны асырған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы

жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны енгізумен қатар тұтынушыларға келтірілген залалға өтемақы төлеу туралы шешім қабылдайды.;

3) "Телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуна технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алууды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасы міндетін атқарушының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы № 312-НҚ бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2649 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы заңының 7-бабы 7-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 18-тармағының 19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Телекоммуникацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлерін және телекоммуникация қызметтерін ұсынумен технологиялық байланысты көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополия субъектілері (бұдан әрі – Субъект):

1) байланыс операторлары табиғи монополиялар туралы заңнамаға және монополияға қарсы заңнамаға сәйкес реттелетін телекоммуникацияның көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есебін жүргізу әдістемесін табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосына:

2005 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қызмет бағыттары бойынша бірінші есептілікті 2005 жылғы 15 тамызға;

2005 жылғы екінші жартыжылдықтағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бірінші есептілікті 2006 жылғы 15 ақпанға ұсыну мерзімімен әзірлесін және бекітсін;

1-1) уәкілетті органның талабы бойынша қаржылық есептілікті және өзге де қажетті ақпаратты қағаз немесе электрондық жеткізгіште электрондық құжатты уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы орналастыру жолымен Субъекті тиісті талапты алған күннен бастап уәкілетті орган белгілеген бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде ұсынсын;

1-2) акционерлік қоғамдар болып табылатын табиғи монополиялар субъектілері үшін аудиторлық ұйымдар жыл сайынғы міндетті аудитті жүргізсін;

1-3) аудиторлық есепті және жылдық қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жылдық қаржылық есептілік бекітілген сәттен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсында орналастырысын және табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жарияласын.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Байланыс операторлары реттеліп көрсетілетін қызметтер тізбесіне сәйкес әрбір реттеліп көрсетілетін қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 186 бұйрығымен бекітілетін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10469 тіркелген) (бұдан әрі – реттеліп көрсетілетін қызметтер) бағаларын (тарифтерін) мемлекет реттейтін қызмет түрі бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің жеке есебін жүзеге асырады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Телекоммуникациялар қызметтерінің және телекоммуникациялардың қызметтер ұсынуына технологиялық байланысты қызметтерінің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша байланыс операторларының табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесінде:

32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Байланыс операторлары уәкілетті органның талабы бойынша қаржылық есептілікті және өзге де қажетті ақпаратты қағаз немесе электрондық жеткізгіште, электрондық құжатты уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы орналастыру жолымен Субъекті тиісті талапты алған күннен бастап уәкілетті орган белгілеген бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде ұсынады.

33. Қағаз жеткізгіштегі есептілікке байланыс операторының басшысы және бас бухгалтері қол қояды және мөрмен расталады. Электрондық жеткізгіштегі есептілік қағаз жеткізгіштегі есептілікке сәйкес келуге тиіс.";

4) "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу және табиғи монополиялар субъектілерінің қорытындылар ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі тәрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы № 77-НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4166 тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2006 жылғы 5 мамырдағы № 81 (1061) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мұнадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 14-1) тармақшасына және 14-1-бабының 1-тармағының 4-1) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 121) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**";

1-тармақ мұнадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Өнірлік электр желісі компаниялары үшін техникалық сараптама жүргізу және өнірлік электр желісі компанияларының қорытындылар ұсыну қағидалары бекітілсін.";

Өнірлік электр желісі компаниялары үшін техникалық сараптама жүргізу және өнірлік электр желісі компанияларының қорытындылар ұсыну қағидалары осы Тізбеке 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5) Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.11.2016 № 484 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6) Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.02.2017 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 23 қазандағы № 237 (28126), "Казахстанская правда" газетінде 2013 жылғы 23 қазандағы № 299 (27573) жарияланған) мұнадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мұнадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 114) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**";

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі осы Тізбеке 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

8) "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8625 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 20 қарашадағы № 257 (28196), "Казахстанская правда" газетінде 2013 жылғы 20 қарашадағы № 319 (27593) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 254) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) базалық тарифтік смета – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 нөмірмен тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің талаптарына сәйкес қалыптастырылған Субъекті тарифтерінің (бағаларының, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі енгізілген бірінші жылға тарифтік смета;

2) болжанатын тарифтік смета – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштері (инфляция) ескеріле отырып қалыптастырылған ұзақ мерзімді кезеңнің кейінгі жылдарына арналған тарифтік смета;

3) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) тарифтік кіріс – уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі бойынша Субъекті реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетуден алатын кіріс;

5) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) уәкілетті органның ведомствоны – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті;

7) тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің шекті деңгейін түзету – тарифтің бекітілген шекті деңгейін өсірусіз тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің шекті деңгейін түзету;

8) стратегиялық тауарлар табиғи монополиялар субъектілері жылу энергиясын өндіру үшін отын ретінде пайдаланатын көмір, газ, мазут, дизель отыны, электр энергиясын беру және тарату, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру салаларындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін – электр энергиясы, жылумен жабдықтау саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін және жылу энергиясын беру және (немесе) тарату саласындағы нормативтік ысыраптар үшін – жылу энергиясы, газды немесе газ конденсатын магистральдық және (немесе) тарату құбыржолдары арқылы тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін өз мұқтаждары мен ысыраптары үшін – газ, сумен жабдықтау, жылу энергиясын өндіру салаларындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін – сатып алынатын су.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады."

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тарифтік сметаның болжанатын көрсеткіштері Субъектінің ұзақ мерзімді кезеңге арналған тарифтік кірісін айқындауға негізделеді.

Тарифтік кіріс ұзақ мерзімді кезеңге кіретін әрбір жылға жеке есептеледі. Бұкіл кезеңге арналған тарифтік кірістің негізінде орташа өлшенген тариф (баға, алым мөлшерлемесі) есептеледі.

Тарифтік кіріс реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетуге арналған шығындардың болжанатын көлемдерінің, кезең шығыстарының, сондай-ақ пайданың жол берілетін деңгейінің негізінде айқындалады.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің қолданысы кезеңінде Субъекті "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар

туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның ведомствоына жыл сайын 1 мамырдан кешіктірмей осы Қағидаларға 1-қосымшаға сай нысан бойынша ақпарат ұсынады және оны осы Қағидалардың 40-тармағында айқындалған тәртіппен өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында орналастыру үшін жолдайды.

10. Тарифтердің шекті деңгейінің қолданысы кезеңінде уәкілетті органның ведомствоы, егер Субъекті тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің шығын бөлігін төмендетсе, тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін төмендетпейді. Шығындарды қысқартудан алынған (шығындарды оңтайландыру немесе реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың неғұрлым тиімді технологияларын және әдістерін қолдану нәтижесінде пайда болған) қаражатты Субъекті аса тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету іс-шараларын өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша қысқаруына байланысты шығындарды ұнемдеу нәтижесінде туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігінің кемінде елу пайызын жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға жұмсайды.";

11-тармақ алып тасталсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тарифтердің шекті деңгейлерін әр жылға бекітуге жол беріледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін бекітуге арналған өтінімге:

1) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін бекіту қажеттілігі туралы түсіндірме жазба;

2) бес жылдық және одан да көп мерзімге бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба) не инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) бекітуге өтінімді бір мезгілде ұсынған жағдайда, бес жылдық және одан да көп мерзімге арналған инвестиациялық бағдарламаның (жобаның) жобасы "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-3-бабына сәйкес белгіленген тәртіппен ұсынылады;

3) салалық ерекшеліктер ескеріле отырып, прейскурантпен тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің жобасы;

4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі бухгалтерлік теңгерім (бұдан әрі - бухгалтерлік теңгерім);

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі кірістер мен залалдар туралы есеп (бұдан әрі - кірістер мен залалдар туралы есеп);

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп;

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішінде капиталдағы өзгерістер туралы есеп (бұдан әрі - капиталдағы өзгерістер туралы есеп);

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 28 қазандағы № 27 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9910 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі инвестициялық қызмет туралы есеп;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 71 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10125 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі еңбек бойынша есеп (1-е нысаны);

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 71 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10125 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі жекелеген лауазымдар мен кәсіптер бойынша қызметкерлер жалақысының мөлшерлері туралы есеп (2-Е кәсіп);

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 50 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10074 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп;

12) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 50 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10074 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі негізгі қорлардың жай-куйі туралы есеп;

13) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтік сметасының жобасы;

14) алдыңғы күнтізбелік екі жыл ішіндегі дебиторлық және кредиторлық берешектің таратылып жазылуы;

15) алдыңғы күнтізбелік екі жыл ішіндегі өзге және басқа да шығыстардың таратылып жазылуы;

16) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған персонал саны, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттіліктерінің есептері және техникалық ысыраптардың есептері;

17) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулер мен басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасы;

18) есепке алу саясаты (ол болған жағдайда);

19) алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде материалдық, қаржылық ресурстарды, жабдық пен қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері;

20) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесінің есебі;

21) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асырғанға дейін пайдаланылатын және ұзақ мерзімді кезеңге инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезінде пайдалануға енгізілетін негізгі құралдарға амортизациялық аударымдардың жылдарға бөлінген есебі;

22) қарыз ресурстарын қаржыландыру және өтеу шарттары (кредиттер үшін пайыздар, қаржыландыру кезеңі, комиссиялық төлемдер, өтеу мерзімдері мен басқалар);

23) басшыларға, олардың орынбасарларына, бас (аға) бухгалтерлерге еңбекақы төлеу қорын және лауазымдық жалақыларын, сондай-ақ оларға сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйесін (мемлекеттік кәсіпорындар не мемлекет қатысусының басым үлесі бар кәсіпорындар үшін) белгілеу туралы мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқару жөніндегі органның шешімі;

24) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы және оны нақты пайдалану туралы деректер;

25) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар, табиғи монополия субъектісінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндетіне және мүмкіндіктеріне, тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) деңгейін қолдау немесе өсуі мақсатында көлемдерін төмендетуге жол бермеуге сүйене отырып, тауарларды өндіру көлемдерінің есептері), маркетингтік зерттеулердің, тұтыну сұраныстарының материалдары қоса беріледі.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес өтінімге қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдар мынадай рәсімдер сақталып ұсынылады:

1) өтінім материалдары тігіледі, нөмірленеді және Субъекті мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның немесе құзыретіне бухгалтерлік есеп және қаржы мәселелері кіретін басшы орынбасарының қолымен расталады. Бұл ретте, қаржы құжаттарына Субъектінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және Субъектінің мөрімен расталады.

2) негіздеуші материалдар ретінде өтінім берудің адындағы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректер ұсынылады;

3) көлемдердің маусымдық ауытқу әсерін тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемелеріне) болдырмау мақсатында жылға есептелген деректер негізге алынады;

4) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын есептеу кезінде базаға өткен күнтізбелік жыл ішіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты көлемдері бірінші жылға және реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланған көлемдері – Қазақстан Республикасының даму басымдықтарын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып, кейінгі жоспарланатын жылдарға алынады;

5) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері төмендеген кезде төмендеуді негіздейтін және растайтын материалдар ұсынылады;

6) табиғи монополия субъектісі жүзеге асыратын қызметтердің әрбір түріне жеке дайындалады."

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаны төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге арналған өтінімге:

1) азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және занды тұлғалардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шара

ретінде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаны бекіту себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Қағидаларға З-қосымшада көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі. Бұл ретте, стратегиялық тауарлардың құнын арттыру жағдайында тарифтік сметаның стратегиялық тауарларды пайдалануды қамтитын шығын баптары ғана түзетіледі ;

3) азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және занды тұлғалардың мүлкін қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шара ретінде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, төтенше реттеуші шара ретінде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар ретінде өтінімге конкурсстық құжаттама, тауарларды сатып алу жөніндегі конкурсстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері, шарттар, шот-фактуралар, шығын деңгейінің есептері, сондай-ақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған техникалық ысыраптардың есептері, құнының өзгеруі төтенше реттеуші шара ретінде тарифтің шекті деңгейін бекітуге себеп болып табылатын стратегиялық тауар шығысының нормалары қоса беріледі.";

20-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) ұсынылатын инвестициялық бағдарламаның (жобаның) белгіленген тәртіпке сәйкес келмеуі болып табылады.";

3-тaraу мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің және тарифтік сметалардың жобасын бекіту тәртібі

21. Уәкілетті органның ведомствосы Субъектінің тарифтерінің (бағаларының, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің және тарифтік сметаларының жобасын осы Қағидаларға сәйкес экономикалық негізделген есептер берілген жағдайда өтінім берілген сәттен бастап күнтізбелік жүз қырық бес күн ішінде қарайды.

Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің және тарифтік сметалардың жобаларын төтенше реттеуші шара ретінде шешім қабылдау үшін күнтізбелік жиырма күннің ішінде қарайды.

Егер тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің және тарифтік сметалардың жобаларын қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствоны оны Субъектіден бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімді белгілеп жазбаша түрде сұратуға құқылы.

22. Уәкілетті органның ведомствоны тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің және тарифтік сметалардың жобасына:

1) Субъекті өтінішпен бірге ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептерді талдау, сондай-ақ қызметтің осындай түрімен айналысатын Субъектілер қызметінің көрсеткіштерін салыстырмалы талдау негізінде;

2) ол үшін тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық бірлестіктерін, жобаны ұсынған Субъектіні тарта отырып, сараптама жүргізеді.

23. Уәкілетті органның ведомствоны Субъект ұсынған тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің жобасын жария тындаулар өткізу кезінде талқылауға шығарады.

24. Уәкілетті органның ведомствоны жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту туралы шешімді оның қолданыс мерзімін көрсете отырып қабылдайды.

Тарифтердің қолданыс мерзімі Субъектінің инвестициялық бағдарламаны және (немесе) инвестициялық жобаны іске асыруға көзделген кезеңін аспайтын мерзімге белгіленеді.

Егер Субъекті тарифтің шекті деңгейінің қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін уәкілетті органның ведомствонына Заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген мерзімде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) тиісті шекті деңгейін бекітуге өтінім бермеген жағдайда, уәкілетті органның ведомствоны тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды инвестициялық құрамдастарды (инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға тартылған қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу амортизациялық аударымдар қаражатының есебінен жүргізілетін жағдайларды қоспағанда) ескермesten қайта қарайды.

25. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту немесе реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекітуден бас тарту туралы уәкілетті орган ведомствоның шешімі уәкілетті орган

ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосы олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Субъектіге жолдайды.

Осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес бекітілген тарифтің шекті деңгейін өзгертуші жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді бекіту туралы уәкілетті орган ведомствосының шешімі уәкілетті органның ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосы олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей Субъектіге жолдайды.

26. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін енгізу тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін бекіту айынан кейінгі екінші айдың бірінші күннен бастап жүзеге асырылады.

Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін төтенше реттеуші шара ретінде енгізу уәкілетті органның ведомствосы айқындастын күннен бастап жүзеге асырылады.

27. Субъекті тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі енгізілетіні туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізеді.

Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі төтенше реттеуші шара ретінде бекітілген жағдайда, олардың өзгергені туралы ақпаратты табиғи монополия субъектісі тұтынушылардың назарына оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізеді.

Табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес бекітілген тарифтің шекті деңгейін өзгертуші жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді енгізу туралы ақпаратты тұтынушының назарына олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей аталған ақпаратты табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру арқылы жеткізеді.

28. Субъекті уәкілетті органның ведомствосына тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі енгізілетіні туралы тұтынушыларға хабар берілгені жөніндегі факт туралы ақпаратты күнтізбелік бес күн ішінде ұсынады.

29. Егер субъекті тұтынушыларды осы Қағидаларда көзделген мерзімде тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін енгізу

туралы хабардар етпесе, онда көрсетілген тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі уәкілетті орган ведомствосының шешімінде көрсетілген күнінен бастап енгізілмейді. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) бекітілген деңгейін енгізу тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін бекіту айынан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады".

30. Осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес бекітілген тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейін көтермesten оның шекті деңгейін түзету үшін табиғи монополия субъектісі табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына ағымдағы жылдың аяғына дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзету туралы ұсыныспен өтініш жолдайды.

Тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзету туралы ұсыныспен өтініш берген кезде табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға түзетулерді ескере отырып, тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін көтермей оның және тарифтік сметаның жобасын және түзетулерді енгізуді негіздейтін материалдарды ұсынады.

Тарифтік сметаның және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейінің ұсынылған жобасы және материалдар Қағидалардың 17-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

31. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзету бойынша құжаттарды ұсынылған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

32. Егер тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзету туралы ұсынысты қарау кезінде қосымша құжаттар (ақпарат) қажет болған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы құжаттарды ұсыну бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімді белгілеп, оны өтініш берушіден жазбаша түрде сұратуға құқылы. Мұндай жағдайда табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзету туралы ұсынысын қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, ол туралы өтініш берушіге қарау мерзімі ұзартылған күнінен бастап күнтізбелік үш күннің ішінде хабар беріледі.

Тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзету туралы ұсынысты қарау мерзімін уәкілетті орган ведомствосының басшысы ұзартады.

33. Егер осындай түзету табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар,

алымдар мөлшерлемелері) деңгейінің көтерілуіне алып келетін жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзетуден бас тартады.

34. Инвестициялық бағдарламаны қысқартуға оған қарай түзетулер енгізілген жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін оны төмендетуге қарай түзетеді.

35. Тарифтік сметада көзделген, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттіліктері ескеріле отырып айқындалған шығындар баптарын түзету аталған шығыстарды асырған жағдайда не еңсерілмес күш мән-жайларын және төтенше жағдайларды қоспағанда, шығыс нормаларын бес пайыздан астам төмендеткен жағдайда жүзеге асырылады.

Табиғи монополия субъектісі табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаны орындау туралы есепті "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-6) тармақшасының негізінде уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган монополияның интернет-ресурсында орналастырады.

Табиғи монополия субъектісі тұтынушыларды тарифтік сметаны орындау барысы туралы есепті кезеңдің жарты жылында бір рет тиісті ақпаратты "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-7) тармақшасының негізінде уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабардар етеді.

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларына 1-қосымшада:

Экімшілік деректерді жинауға арналған нысанда;

"Ұсыну мерзімі – өнірлік электр желілік компанияны қоспағанда есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей жыл сайын" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей"
;

Экімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі Түсіндірmede:

Жалпы нұсқаулардың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополия субъектісі "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-

бабының 11) тармақшасына сәйкес тарифтік сметаны орындау туралы есепті қол жеткізілген нақты көрсеткіштерді құжаттармен растап және олар келісілген нұсқадан ауытқыған жағдайда себептерін түсіндіре отырып, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырдан кешіктірмей жыл сайын ұсынуға міндетті.";

9) "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 215-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8642 тіркелген, "Казахстанская правда" газетінде 2014 жылғы 22 қаңтардағы № 14 (27635) жарияланған) мынадай езгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 256) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) стратегиялық тауарлар табиғи монополиялар субъектілері жылу энергиясын өндіру үшін отын ретінде пайдаланатын көмір, газ, мазут, дизель отыны, электр энергиясын беру және тарату, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру салаларындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін – электр энергиясы, жылумен жабдықтау саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін және жылу энергиясын беру және (немесе) тарату саласындағы нормативтік ысыраптар үшін – жылу энергиясы, газды немесе газ конденсатын магистральдық және (немесе) тарату құбыржолдары арқылы тасымалдау саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін өз мұқтаждары мен ысыраптары үшін – газ, сумен жабдықтау, жылу энергиясын өндіру салаларындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін – сатып алынатын су;

3) өтінім – табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), оның ішінде сарапанған және инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту туралы уәкілетті органның ведомствосына берген ресми өтініші (арызы);

4) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) уәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті.

Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес қолданылады." ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту туралы өтінімді ұсыну және шешім қабылдау кезінде уәкілетті органның ведомствосы және табиғи монополиялар субъектілері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген, Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін (бұдан әрі - Ерекше тәртіп), табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы, сондай-ақ бухгалтерлік есеп стандарттарын, салық заңнамасын белгілейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Табиғи монополия субъектісі тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қолданысқа енгізгенге дейін өтініммен бірге өзінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметалардың және тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын, сондай-ақ "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-3-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) (куаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда) күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей ұсынады.

Уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) қайта қаралған жағдайда, табиғи монополия субъектісі тиісті талапты алған күннен бастап экономикалық негізделген

есептерді және жаңа тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекіту үшін өтінім берген кездегі көлемде өзге ақпаратты бір ай мерзімде ұсынады.

Тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) төтенше реттеуші шаралар ретінде, оның ішінде стратегиялық тауарлардың құнын арттыру кезінде қайта қаралған жағдайда, табиғи монополия субъектісі өтініммен бірге өзі ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік сметаның және тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын ұсынады, бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы мұндай жағдайда қолданылмайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекітуге арналған өтінімге:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту қажеттігі туралы түсіндірме жазба;

2) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) жобасы;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі бухгалтерлік теңгерім (бұдан әрі - бухгалтерлік теңгерім);

4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі кірістер мен залалдар туралы есеп (бұдан әрі - кірістер мен залалдар туралы есеп);

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішінде капиталдағы өзгерістер туралы есеп (бұдан әрі - капиталдағы өзгерістер туралы есеп);

7) Ереженің осы тармағының 3)-6) тармақшаларында көзделген қаржылық есептілікке түсіндірме жазба;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 71 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10125 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі еңбек бойынша есеп (1-е нысаны);

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 71 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10125 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі жекелеген лауазымдар мен кәсіптер бойынша қызметкерлер жалақысының мөлшерлері туралы есеп (2-Е кәсіп);

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 50 бүйрығымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10074 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп (1-ПФ), шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін шағын кәсіпорнының қызметі туралы есеп (2-ШК);

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 50 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10074 тіркелген) нысан бойынша өткен күнтізбелік екі жыл ішіндегі негізгі қорлардың жай-күйі туралы есеп;

12) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобасын есептеу үшін жиынтық деректер;

13) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нақты шығындарды негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифтік сметасын орындау туралы есеп;

14) дебиторлық және кредиторлық берешектерді таратып жазу;

15) өзге және басқа шығыстарды таратып жазу;

16) бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба);

17) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, ағымдағы және күрделі жөндеулерге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасы;

18) есепке алу саясаты (ол болған жағдайда);

19) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған персонал саны, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттіліктерінің есептері және техникалық ысыраптардың есептері;

20) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері;

21) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау нәтижелері туралы мәліметтер;

22) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдері көрсетілген амортизациялық аударымдардың есебі;

23) Ерекше тәртіпке сәйкес тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру кезінде ескерілмейтін нақты жұмсалған шығыстар туралы мәліметтер;

24) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар, табиғи монополия субъектісінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндетіне және мүмкіндіктеріне, тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) деңгейін қолдану немесе көтеру мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып тауарлар өндірісі көлемінің есептері), тұтынушы сұранысын маркетингтік зерттеулері материалдары);

25) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы және оны нақты пайдалану туралы деректер;

26) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Қағидалардың 3-33-қосымшаларында көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы;

27) реттеліп көрсетілетін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) түсетін таза кірісті пайдалану туралы ақпарат;

28) амортизациялық аударымдарды пайдалану туралы ақпарат;

29) нормативтік техникалық ысыраптарды уәкілетті органның ведомствоны белгілеген шамаға және мерзімде төмендету бойынша және экономикалық тиімділіктің деректері мен есебін қамтитын өтінімді қарау кезеңінде қолданылатын іс-шаралар жоспарлары (электр энергиясын және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату, су шаруашылығы жүйесі, мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ таратушы жүйелер арқылы тасымалдау, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілері ұсынады) қоса беріледі;

30) өнірлік электр желісі компаниялары үшін техникалық сараптама қорытындысы.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны төтенше реттеуші шаралар ретінде бекітуге арналған өтінімге:

1) табиғи монополия субъектісінің қызметін тұрақтандыру және азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және занды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекітудің себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес осы Қағидаларға 34-қосымшада көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі. Бұл ретте

стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, тарифтік сметадағы стратегиялық тауарларды пайдалануды қамтитын шығын бабы ғана түзетіледі;

3) Табиғи монополия субъектісінің қызметін тұрақтандыру және азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және занды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Стратегиялық тауарлардың құнын арттырған жағдайда, төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттігін растайтын құжаттар ретінде өтінімге конкурстық құжаттама, конкурстық (тендерлік) комиссиялардың тауарларды сатып алу жөніндегі шешімдері, шарттар, шот-фактуралар, шығындар деңгейінің есептері, сондай-ақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған техникалық ысыраптардың есептері, құнының өзгеруі төтенше реттеуші шара ретінде тарифті бекітуге өтінімді ұсынуға себеп болып табылатын стратегиялық тауар шығысының нормалары қоса беріледі.

11. Сумен жабдықтау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тұтынушылардың топтары бойынша сараланған тарифтерді бекітуге арналған өтінімге:

1) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттар;

2) өтінім берер алдындағы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда тұтынушылар топтарының бөлінісінде (оның ішінде халық, бюджеттік ұйымдар, жылу энергетика саласындағы кәсіпорындар, өзге занды тұлғалар) текше метрде (m^3) суды тұтыну көлемі бойынша ақпарат;

3) өтінім берер алдындағы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда текше метрде (m^3) суды тұтыну көлемі және азаматтарды тіркеу кітабында тіркелген адамдар саны бойынша, жеке есепке алу аспабы жоқ абонент үшін – әрбір абонент бойынша ақпарат;

4) өтінім берер алдындағы төрт тоқсанда немесе өткен күнтізбелік жылда текше метрде (m^3) суды тұтыну көлемі және азаматтарды тіркеу кітабында тіркелген адамдар саны бойынша, жеке есепке алу аспабы бар абонент үшін – әрбір абонент бойынша ақпарат қоса беріледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Өтінімге қоса берілетін есептер мен негіздейтін материалдар мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

1) өтінім материалдары тігіледі, нөмірленеді және табиғи монополия субъектісінің мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның немесе

құзыретіне бухгалтерлік есеп және қаржы мәселелері кіретін басшы орынбасарының қолымен расталады.

Қаржы құжаттарына субъектінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және табиғи монополия субъектісінің мөрімен расталады.

2) негіздейтін материалдар ретінде өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректер ұсынылады;

табиғи монополия субъектісі өтінім қарауға қабылдағаннан кейін уәкілетті орган ведомствосының талабы бойынша күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына өтінім берер алдындағы 4 тоқсан ішіндегі шығындар туралы нақтыланған деректерді ұсынады;

3) көлемдердің маусымдық ауытқу әсерін тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемелеріне), оның ішінде сараланған тарифтерге болдырмау мақсатында бір жылға есептелген деректер негізге алынады;

4) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын есептеу кезінде базаға өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі немесе өткен күнтізбелік жыл ішіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты көлемдері алынады;

5) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері төмендеген кезде төмендеуді негіздейтін және растайтын материалдар ұсынылуға тиіс;

6) табиғи монополия субъектісі жүзеге асыратын қызметтердің әрбір түріне жеке дайындалады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтердің деңгейлерін өзгертуей жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді бекіткен жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның ведомствосы өтінім алған күнінен бастап бес жұмыс күнінің ішінде ұсынылған негіздейтін материалдардың толықтығын тексереді және субъектіні өтінімді қарауға қабылдағаны туралы немесе өтінімді қараудан бас тартқаны туралы бас тартудың себептерін келтіре отырып, жазбаша түрде хабардар етеді.

Табиғи монополия субъектісінің өтінімін қараудан бас тарту себептері:

1) өтінімді ұсыну мерзімдерін бұзу;

2) осы Қағидалардың 7, 8 және 11-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;

3) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес келмеуі;

4) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық тарифті бекітуге өтінім беру жағдайларын қоспағанда, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамада белгіленген конкурс (тендер) өткізу туралы талаптарды, сондай-ақ өзге тәсілдермен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы талаптарды бұзуы;

5) шынайы емес ақпаратты қамтитын құжаттарды ұсынуы болып табылады.

Табиғи монополия субъектісінің төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімін қарауға қабылдаудан бас тарту себептері осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау болып табылады.

Табиғи монополия субъектісінің инвестиациялық тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге арналған өтінімін қарауға қабылдаудан бас тарту себептері осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбау және осы Қағидалардың 16-тармағының 1), 4), 5) және 6) тармақшаларының талаптарына сәйкес келмеуі болып табылады.";

3-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінімді қарау және тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) мен тарифтік сметаларды бекіту тәртібі

18. Уәкілетті органның ведомствоны табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобаларын уәкілетті орган ведомствоның талаптарына сәйкес экономикалық негізделген есептерді ұсынған жағдайда күнтізбелік елу бес күн ішінде қарайды. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің), инвестиациялық тарифтердің, оның ішінде сараланған тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және оларға тарифтік сметалардың жобаларын қарау мерзімі өтінім берілген сәттен бастап есептеледі.

Уәкілетті органның ведомствоны төтенше реттеуші шаралар ретінде шешім қабылдау үшін табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобаларын күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобаларын қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствоны бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімді белгілеп, оны өтініш берушіден жазбаша түрде сұратуға құқылы.

19. Уәкілетті органның ведомствоны тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларына табиғи монополия субъектісі өтініммен бірге ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептерді талдау негізінде сараптама жүргізеді.

Уәкілетті органның ведомствоны табиғи монополия субъектісі ұсынғатын тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобасын жария тыңдауларды өткізу кезінде талқылауға шығарады.

20. Уәкілетті органның ведомствоны жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Уәкілетті органның ведомствоны жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту туралы шешім қабылдау кезінде осы Қағидаларға 3-33, және 34-қосымшаларда көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаны бір мезгілде бекітеді.

22. Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), инвестициялық тарифтерді бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы уәкілетті орган ведомствоның шешімі уәкілетті орган ведомствоның бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствоны табиғи монополия субъектісіне оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз бес күннен кешіктірмей жолдайды.

Осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтің деңгейін езгертпей, жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді бекіту туралы уәкілетті орган ведомствоның шешімі уәкілетті орган ведомствоны басшысының бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствоны олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей Субъектіге жолдайды.

23. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды қолданысқа енгізу тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) бекітілген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

24. Уәкілетті органның ведомствоны инвестиациялық тарифті (бағаны, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту туралы өзінің шешімінде оның қолдану мерзімін көрсетеді.

25. Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды төтенше реттеуші шара ретінде қолданысқа енгізу уәкілетті органның ведомствоны анықтайтын күннен бастап жүзеге асырылады. Бұл ретте

жаңа тарифті бекіту үшін он екі айлық уақыт кезеңі бұрын жалпы тәртіппен бекітілген тариф (баға, алым мөлшерлемесі) қолданысқа енгізілген күнінен бастап белгіленеді.

26. Табиғи монополия субъектісі тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) өзгергені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында осы ақпаратты орналастыру арқылы олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізеді.

Табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) төтенше реттеуші шаралар ретінде өзгертілген жағдайда, табиғи монополия субъектісі олардың өзгергені туралы ақпаратты тұтынушының назарына олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізеді.

Табиғи монополия субъектісі осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес бекітілген тарифтердің деңгейлерін өзгертпей, жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді енгізу туралы ақпаратты тұтынушының назарына олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, аталған ақпаратты табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру арқылы жеткізеді.

27. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына бес жұмыс күні ішінде тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпарат ұсынады.

28. Егер табиғи монополия субъектісі тұтынушыларды осы Қағидаларда көзделген мерзімде жаңа тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) енгізілетіні туралы хабардар етпесе, онда көрсетілген тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) уәкілетті орган ведомствосының шешімінде көрсетілген күнінен бастап енгізілмейді. Бекітілген тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) енгізу тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту айынан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

29. Уәкілетті орган тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) төтенше реттеуші шаралар ретінде бекіту туралы шешім қабылдаған кезде осы Қағидалардың 23, 24, 28-тармақтарының талаптары қолданылмайды.

30. Уәкілетті орган ведомствосының өтінімді қарауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетіletтін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды,

алымдар мөлшерлемелерін) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешіміне табиғи монополия субъектісі немесе реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде шағым жасауы мүмкін.";

5-тaraу алып тасталсын;

Табиғи монополия субъектісі "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-6) тармақшасының негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өзінің интернет-ресурсында немесе уәкілетті органның интернет-ресурсында табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті орналастырады.

Табиғи монополия субъектісі "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7-7) тармақшасының негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тұтынушыларды өзінің интернет-ресурсында немесе уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында тарифтік сметаның орындалу барысы туралы тиісті ақпаратты орналастыру арқылы жарты жылда бір рет хабардар етеді.

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларына 1-қосымшада:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанда:

"Ұсыну мерзімі – өнірлік электр желісі компаниясын қоспағанда, жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұсыну мерзімі – жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей";

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндіруде:

Жалпы нұсқаулардың тәртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес табиғи монополия субъектісі жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей, қол жеткізілген нақты көрсеткіштерді құжаттамалық растаумен және келісілген нұсқадан ауытқу болған жағдайда, себептерін түсіндірумен тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп ұсынуы қажет.";

36-қосымша алып тасталсын.

10) "Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның кейбір әдістемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 372-НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9120 тіркелген, "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 17 ақпанда жарияланған):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1) тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 113) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Табиғи монополия субъектісінің электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер немесе олардың шекті деңгейлерін есептеу әдістемесі бекітілсін.";

Осы Тізбеке 3-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2006 жылғы 17 наурыздағы
№ 77-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Өнірлік электр желісі компаниялары үшін техникалық сараптама жүргізу және өнірлік электр желісі компанияларының қорытындылар ұсыну қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Өнірлік электр желісі компаниялары үшін техникалық сараптама жүргізу және өнірлік электр желісі компанияларының қорытындылар ұсыну қағидалары (бұдан әрі Қағидалар) "Табиғи монополиялар және реттелетін

"нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занына (бұдан әрі – Зан) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Өнірлік электр желісі компаниялары үшін техникалық сараптама (бұдан әрі – сараптама) жүргізу тәртібін, сондай-ақ өнірлік электр желісі компанияларының қорытындылар ұсыну тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

құзыретті орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

сарапшы - қаржылық және (немесе) техникалық сараптамалар жүргізу қызметтерін көрсететін жеке немесе занды тұлға;

техникалық сараптама - қолданысқа енгізілген активтердің техникалық жай-күйін (техникалық сипаттамаларын) және активтерді жұмыс істеуін қалпында ұстауды қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізу қажеттігін, өндіріс технологиясының, материалдық, еңбек шығындарының белгіленген нормаларға сәйкестігін қоса алғанда, технологиялық процестің тиімділігін талдау, инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қажеттігін, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша негізгі құралдарды іске қосудың деңгейін және олардың дұрыс бөлінуін талдау;

уәкілетті органның ведомствоны – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Техникалық сараптама жүргізу және өнірлік электр желісі компанияларының қорытындылар ұсыну тәртібі

4. Өнірлік электр желісі компанияларының қызметіне сараптаманы уәкілетті органның ведомствоны және (немесе) өнірлік электр желісі компаниясы ол үшін тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, үш жылда бір рет мерзімділікпен жүргізеді.

5. Сараптама жүргізу барысында сарапшы өнірлік электр желісі компаниясы ұсынған ақпаратты осы Қағидаларға сәйкес зерделейді және талдайды.

6. Сарапшы қажет болған жағдайда жүргізіліп отырған сараптаманың шенберінде өнірлік электр желісі компаниясынан және (немесе) уәкілетті органның ведомствоынан қосымша ақпарат сұрайды.

7. Жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшы Шартта көзделген мерзімдерде уәкілетті органның ведомствосына сараптама объектілері бойынша объективті, дәлелді, ғылыми-негізді қорытындыны қамтитын аралық және тұпкілікті есептер ұсынады.

8. Уәкілетті органның ведомствосы сарапшы ұсынған есептерді күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қарайды.

Егер есептерді қарau үшін қосымша материалдар мен ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы оны сарапшыдан немесе өнірлік электр желісі компаниясынан сұрайды және есепті қарau мерзімін ұзарту туралы сарапшыны хабардар етіп, күнтізбелік 30 (отыз) күнге ұзартады.

9. Есеп осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті органның ведомствосы сарапшыға оны сәйкес келтіру қажеттілігі туралы хатты нақты мерзімдерін көрсете отырып жолдайды.

10. Сарапшы ұсынылған ақпарат бойынша есепті Қағидалардың 13-тармағына сәйкес пысықтайды және оны уәкілетті органның ведомствосына ұсынады.

11. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің салалық ерекшеліктеріне сәйкес мәселелерді қарau шенберінде сараптама жүргізу үшін уәкілетті органның ведомствосы тиісті мемлекеттік органдардың өкілдерін тарта алады.

12. Тарифті, оның шекті деңгейін және инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекіту үшін өнірлік электр желісі компаниясы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізілген сараптаманың қорытындысын ұсынады.

13. Өнірлік электр желісі компаниясының сараптамасы мыналарды:

1) негізгі құралдардың техникалық жай-күйін талдауын және техникалық сипаттамаларын бағалауды, оның ішінде:

жабдықтың сараптама жүргізу күніне тозу дәрежесін;

негізгі құралдарды (болған және мүмкін болатын) осы салада өнірлік электр желісі компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдаған сыныптау топтары бойынша пайдалану мерзімдерін;

жабдықтың жобалық және технологиялық қуатының, регламентtelген қуат резервінің болуын;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді есепке алу аспаптарының (оның ішінде коммерциялық) болуын, субъектінің қызметін сипаттайтын және тарифті есептеген кезде қолданылатын шығындар деңгейін айқындауға қажетті басқа да техникалық көрсеткіштердің бағалаудын қамтиды.

Техникалық жай-күйді талдау негізінде регламентtelген пайдалану жұмыстарын (техникалық қызмет көрсету), ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер (негізгі құралдардың құнын арттыратын және арттырмайтын) жүргізудің, негізгі құралдарды реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері

бойынша ауыстырудың, реконструкциялаудың және жаңғыртудың қажеттілігі туралы қорытынды беріледі. Бұл ретте:

өнірлік электр желісі компаниясы белгілеген жөндеудің барлық түрі мерзімділігінің жабдықтың белгілі бір түрін жөндеуге арналған нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне;

олардың іс жүзіндегі жағдайы мен құзыретті орган бекіткен нұсқаулықтар мен нормативтік техникалық құжаттардың талаптарын ескере отырып, өнірлік электр желісі компаниясы жабдықтың, ғимараттар мен құрылыштардың жарамды жай-күйі мен жұмыс қабілеттілігін қолдау мақсатында айқындаған реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша негізгі құралдарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеулер жүргізу көлемдері негізділігіне;

өнірлік электр желісі компаниясының негізгі құралына, ғимараттары мен құрылыштарына, өнірлік электр желісі компаниясы бекіткен қосымша жабдықтарына жүргізілетін жөндеудің барлық түрлеріне арналған перспективалық және жылдық (айлық) кестелердің болуына қорытынды берілуге тиіс.

Техникалық сараптамаға жатқызылған кезең үшін және оны жүргізу сәтіне негізгі құралдардың қолданысқа енгізілу деңгейі бағаланады, сондай-ақ тиісті көрсеткіштердің деңгейі жабдықтың жынытық белгіленген қуаты, қуаттың коэффициенті, физикалық тозу коэффициенті, саланың ерекшелігін ескере отырып, жүктелім және (немесе) басқа да көрсеткіштер кестесін толтыру коэффициенті, пайданың ұйғарынды деңгейін есептеген кезде пайдаланылатын өнірлік электр желісі компаниясы активтерінің қолданысқа енгізілу коэффициенті бағаланады.

Реттеліп көрсетілетін және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілмейтін қызметтер түрлері бойынша іске қосылған активтерді бөлудің Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген талаптарға сәйкес келуіне баға беріледі. Егер сарапшының осы мәселе бойынша қорытындысында өнірлік электр желісі компаниясы қызметінің реттеліп көрсетілетін түрлері мен тұтастай алғанда реттеліп көрсетілмейтін түрлері бойынша іске қосылған активтерді бөлу схемасымен алшақтық болған жағдайда, сарапшы ұсынылып отырған негізгі құралдарды бөлуді негіздейді.

Сарапшы жүргізілген тексерудің нәтижелері бойынша негізгі құралдарды пайдалануды, негізгі құралдарды пайдалануға байланысты пайдалану және басқа да шығыстарды оңтайландыру жөнінде ұсыныс жасайды;

2) шикізат пен материалдар шығысын, оның ішінде құзыретті орган бекіткен шикізат (отын, энергия және басқа) және материалдар шығысының нормаларын бағалайды. Шикізат пен материалдар шығысының накты көлемдері

нормативтерден асып кеткені анықталған жағдайда, асып кету мөлшері мен оның туындау себептері ашылуға тиіс. Сарапшы бағалаудың нәтижелері бойынша шикізат пен материалдар шығысын оңтайландыру жөнінде ұсыныс жасайды. Бұдан басқа, сарапшы тауар-материалдық құндылықтардың (ТМҚ) авариялық (азайтылмайтын) қорына тексеру жүргізеді. Бұл ретте сарапшы өнірлік электр желісі компаниясының іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көлемдерде ТМҚ-ны "жиып қою" қажеттілігін және қоймадағы ТМҚ-ның нақты көлемдерінің қажетті көлемдерге сәйкестігін бағалайды;

3) еңбек шығынын және өнірлік электр желісі компаниясының персонал санын бағалауды, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау жөніндегі нормативтік талаптардың сақталуын айқындауды ұсынады.

Сарапшы еңбек жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен персоналдың нормативтік санына, оның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген және келісілген еңбек жөніндегі нормативтеріне сәйкес келуін бағалайды, сондай-ақ іс жүзіндегі және нормативтік санға салыстыру жүргізеді.

Іс жүзіндегі санның нормативті саннан асып кеткені анықталған жағдайда, асып кетудің мөлшері мен оның туындау себептерін ашу қажет. Сарапшы өнірлік электр желілік компаниясының персонал санын өнірлік электр желісі компаниясының қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) қалыптастыру кезінде ескерілетін және ескерілмейтін персонал санына, оның ішінде реттеліп көрсетілмейтін қызмет түрлерін көрсетумен айналысатын персонал санына бөлудің негізділігі бойынша қорытынды ұсынады.

Еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау жөніндегі нормативтік талаптарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталуын талдау:

өндірістік процестің еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдың нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленген жағдайларда еңбек қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін;

қызметкерлердің еңбек процесінде өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастыру, техникалық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық және өзге нормаларды, қағидаларды, рәсімдер мен өлшемшарттарды қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштерді бағалауды;

4) нормативтік және коммерциялық ысыраптардың, оның ішінде құзыретті орган бекіткен нормативтік ысыраптар деңгейін бағалауды, коммерциялық ысыраптардың әрбір түрі бойынша деңгейі мен пайда болу себептерінің анықтамасын қамтиды.

Егер өнірлік электр желісі компаниясы электр энергетикасы саласында қызметтер көрсеткен жағдайда, сарапшы кернеудің әртүрлі кластарындағы электр желілері жұмысының схемалары мен режимдерінің ерекшеліктеріне сәйкес тұтастай алғанда өнірлік электр желісі компаниясының желілері не оның элементтері бойынша құзыретті орган бекіткен нормативтік ысыраптарға, оның ішінде кернеудің жоғары (220, 110, 35 кВ) және төмен (10,6-0,4 кВ) топтары бойынша, кернеудің жоғарыда көрсетілген топтары бойынша олардың көлемін көрсете отырып, нормативтік ысыраптарға баға береді; қоректік судың (будың және конденсаттың) іс жүзіндегі шығысина және оның құзыретті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекіткен бу мен конденсат ысыраптарының нормаларына сәйкес келуіне талдау жүргізеді.

Сарапшы жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша нормативтік және коммерциялық ысыраптардың деңгейін төмендету жөнінде ұсыныс жасайды;

5) инвестициялық қызметті бағалауды ұсынады.

Сарапшы заңнамада белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген инвестициялық бағдарламалардың (жобалардың) іске асырылуына:

әрбір уақыт аралығында (жарты жылдықта) өнірлік электр желісі компаниясы көрсеткен қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) іс жүзіндегі қол жеткізілген көлемдерін инвестициялық бағдарламада (жобада) белгіленген көрсеткіштермен салыстырмасының;

инвестициялардың салымдарын инвестициялық бағдарламада (жобада) көзделген мақсаттарға бағыттау сәйкестігінің бөлігінде талдау жүргізеді.

Сарапшы инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асырған кезде:

өнірлік электр желісі компаниясының қолданысқа енгізілген негізгі құралдарының таратылуының қолда бар деңгейінің өсуі не сақталуын;

нормативтік және (немесе) нормативтен тыс ысыраптардың (өзгерістің серпінін көрсетеу) төмендеуін;

ұсынылатын қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемінің және сапасының артуы қалай жүзеге асырылатынын тексереді.

Сарапшы түзету қажеттілігінің объективтік себептері пайда болған кезде инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету негізділігіне баға береді.

Сарапшы есепке алу аспаптарын сатып алу мен орнату (құралдардың саны, үлгісі мен сипаттамасы) қажеттілігін, есепке алу аспаптарын орнатуға бағытталған инвестициялардың көлемін бағалайды.

Сарапшы энергияны үнемдеуді ынталандыратын өнірлік электр желісі компаниясы жүргізіп отырған іс-шараларды талдайды және оларға қорытынды береді және энергия үнемдеу, оның ішінде өндіру мен энергияны тұтыну режимдерін оңтайландыру, оның есебі мен бақылауын ұйымдастыру, отын-энергетикалық ресурстарды тасымалдау мен тұтыну кезінде олардың

ысыраптарын қысқарту, босатылатын және тұтынылатын энергетикалық ресурстарды есептеу бөлігінде нақтылықты, шынайылық пен өлшем бірлігін қамтамасыз ету аясындағы саясатты іске асыру мақсатында инвестициялар салу қажеттілігін бағалайды.

Сарапшы өнірлік электр желісі компаниясының даму жоспарларының болуын тексереді. Өнірлік электр желісі компаниясы электр энергиясын беру және (немесе) бөлу жөніндегі қызметтер көрсетсе, сарапшы қолда бар желінің нақты схемасымен ұлттық немесе өнірлік электр желісінің жылдық жоспарларының болуын тексереді. Бұл ретте электр желісінің жылдық даму жоспарында мынадай негізгі мәселелер:

қолда бар электр желісін оның топологиясы, жүктелімі, кернеуді реттеу, шектеулер тұрғысынан талдау;

электр желісіндегі электр энергиясы ысыраптарының төмендеуіне бағытталған іс-шаралар;

электр желісі жұмысының тұрақтылығы мен сенімділігін, сондай-ақ электр желісі жұмысының ең жоғары үнемділігін қамтамасыз ету үшін қажетті капитал салымдарының бағасы көрініс табуға тиіс;

6) тиісті мемлекеттік органдардың нұсқамаларын орындау, оның ішінде орындалған нұсқамалардың шығындары сметаларының болуы туралы ақпаратты;

7) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қолданыстағы тарифте (баға, алым мөлшерлемесінде) және (немесе) тарифтік сметада көзделген есепке алу аспаптарын тексеру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды іске асырудың талдауын;

8) көрсетілетін қызметтер көлемдерінің, оның ішінде олардың сапасына бағалауды ұсынады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін айқындаған кезде пайдаланылатын өнірлік электр желісі компаниясы деректерінің ашықтығы, тексерілуі мен шынайылығы деңгейінің негізділігін бағалай отырып, көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдеріне (серпін, негізгі тұтынушылар) талдау жүргізілуге, реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты және болжамды көлемдерін төмендету бойынша, оның ішінде ысыраптар көлемдерінің ұлғаю есебінен мүмкін болатын тәуекелдер көрсетілуге тиіс.

Сарапшы көрсетіліп отырған реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдерін айқындау өлшемшарттары бойынша ұсынымдар береді.

Сондай-ақ өнірлік электр желісі компаниясы көрсететін қызметтердің көлемдері заңды тұлғалармен жасалған шарттарда көзделген көлемдердің, электр беру желілеріндегі авариялар санының, жылу энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан жылу желілеріне жіберу көлемдерінің сәйкестігіне талдануға тиіс.

монополияларды реттеу агенттігінің
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
кейір бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2013 жылғы 25 сәуірдегі
№ 130-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі (бұдан әрі – Ерекше тәртіп) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

2. Ерекше тәртіп мынадай ережелерді қамтиды:

- 1) тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) немесе оның шекті деңгейіне енгізілетін шығындарды реттеу;
- 2) табиғи монополия субъектісі шығыстарының баптарын шектеу;
- 3) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеу;
- 4) тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) немесе оның шекті деңгейіне енгізілетін пайданы шектеу;
- 5) негізгі құралдардың тозуын есептеудің қолданылатын әдістерін келісу;
- 6) табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасында көзделген амортизациялық аударымдар қаражаттарын пайдалану бағыттарын келісу.

3. Ерекше тәртіpte мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) құзыретті орган - мемлекеттік биліктің тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ал сумен жабдықтау және (немесе) су бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін - жергілікті атқарушы органдар;
- 2) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) - табиғи монополия саласындағы және уәкілетті орган мемлекеттік реттеуге жатқызған, белгілі бір тауарды тұтынушыға қызметтер (

тауарлар, жұмыстар) түрінде беру жағдайын қоса алғанда, табиғи монополия субъектісі ұсынатын қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

3) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігі - тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін, өндірістік шығыстар мен кезең шығыстарынан тұратын табиғи монополия субъектісінің қызметтер (жұмыстар) көрсетумен байланысты шығындарының жиынтығы;

4) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілетін шығын түрлерін шектеу - тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеу;

5) шығындар деңгейін шектеу - шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігін есептеу негізінде тарифте (бағада, алым мөлшерлемесінде) ескерілетін шығындар деңгейінің, сондай-ақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер және лимиттер негізінде есептелген нормативтік техникалық ысыраптар деңгейінің шегін белгілеу;

6) тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) немесе оның шекті деңгейіне енгізілетін пайданы шектеу - инвестициялық жобаны іске асыру үшін қажетті қаражатты ескере отырып, белгіленген тәртіппен айқындалған пайда шамасының шегін белгілеу;

7) уәкілдік органның ведомствосы - табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

4. Ерекше тәртіп реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынатын табиғи монополия субъектілеріне қолданылады.

5. Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алу негізінде жүзеге асырылады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру кезінде осы Ерекше тәртіптің талаптары ескеріле отырып, шығындар енгізіледі. Шығындардың баптарын қалыптастыру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) немесе оның шекті деңгейіне енгізілетін шығындарды реттеу тәртібі

6. Табиғи монополия субъектісінің тарифіне (бағасына, алым мөлшерлемесіне) және оның шекті деңгейіне енгізілетін шығындарды реттеу тарифтің (бағаның,

алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілетін шығыс түрлерін шектеу жолымен жүзеге асырылады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) болжанатын тарифтік сметаны қалыптастырған кезде ескерілетін шығындар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріле отырып Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасына сәйкес келуі тиіс және негіздеуші құжаттарды бере отырып, табиғи монополия субъектісі оны растауы тиіс.

7. Тарифтік шығын бөлігінің өндірістік шығыстарына:

- 1) материалдық шығыстар;
- 2) өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары;
- 3) амортизация;
- 4) негізгі қор құнының ұлғаюына әкеп соқпайтын жөндеу жұмыстарына шығыстар;
- 5) реттеліп көрсетілетін қызметке (тауарға, жұмысқа) тікелей жататын өзге де өндірістік шығыстар жатады.

8. Тарифтің шығын бөлігінің кезең шығыстарына:

- 1) әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары;
- 2) міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге арналған шығыстар;
- 3) өзге де әкімшілік шығыстар;
- 4) сыйақылар төлеуге арналған шығыстар кіреді.

9. Тарифтің шығын бөлігінің өндірістік шығыстары тарифтің шығын бөлігіне мынадай тәсілмен кіреді:

1) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілетін материалдық шығыстары тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған өнімнің (көрсетілетін қызметтердің, тауарлардың, жұмыстардың) бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, энергия (бұдан әрі – материалдық ресурстар) қажеттіліктерінің есептеріне сүйене отырып және Заңның 18-4-бабында белгіленген тәртіппен тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге өтінім беру күніне жүргізілген тендерлік (конкурстық) сатып алушының іс жүзіндегі нәтижелері бойынша анықталған материалдық ресурстардың бағаларына сүйене отырып және іс жүзіндегі көрсеткіштерге, бірақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтерден асырмай айқындалады.

Тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған техникалық ысыраптардың есептеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптар деңгейімен байланысты шығыстар.

2) өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналдының нормативтік санынан аспайтын нақты санға және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріле отырып қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерінде) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып анықталады.

Бұл ретте, персонал санының, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің есептері және техникалық ысыраптардың есептері тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жүргізіледі.

Электр және жылу энергиясының құрамдастырылған өндірісі бар энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру, жылу энергиясын өндіру, беру саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналдының нормативтік санынан аспайтын нақты саннан және өтінім беру алдында бір жыл бұрын статистика деректері бойынша өнірдегі экономикалық қызметінің түрлері бойынша қалыптасқан өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысынан анықталады.

Электр және жылу энергиясының құрамдастырылған өндірісі бар энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері ескеріле отырып қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерінде) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып анықталған сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру, жылу энергиясын өндіру, беру саласындағы табиғи монополия субъектілерінің өндірістік персоналдының жалақысын өтінім беру алдында бір жыл бұрын статистика деректері бойынша өнірдегі экономикалық қызметінің түрлері бойынша қалыптасқан өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысынан асырған кезде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріле отырып, қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерінде) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып анықталатын өндірістік персоналдың жалақысы ескеріледі.

3) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

4) табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және құрделі жөндеу және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына арналған қаражаты мұндай жұмыстың қажеттілігі туралы растаушы құжаттардың негізінде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізіледі;

5) реттеліп көрсетілетін қызметке (тауарға, жұмысқа) тікелей жататын басқа өндірістік шығындар салалық ерекшелікті ескере отырып, растаушы құжаттардың негізінде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізіледі.

10. Кезең шығыстары тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне байлайша кіреді:

1) әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты саннан және етінім беру алдында бір жыл бұрын статистика деректері бойынша өнірдегі экономикалық қызметтің түрлері бойынша қалыптасқан өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысынан Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріле отырып, анықталады.

Персонал санын қысқарту нәтижесінде әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстарын нақты үнемдеген жағдайда, әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары тарифте бұрын бекітілген тарифтік сметада көзделген мөлшерде ескеріледі, ал үнемдеу сомасын табиғи монополия субъектісі әкімшілік персонал жалақысының деңгейін арттыруға бағыттауы мүмкін.

Мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, табиғи монополия субъектілері басшыларының, олардың орынбасарларының, бас (ага) бухгалтерлерінің және әкімшілік персоналдың басқа да қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары бойынша шығындарға енгізілетін субъектілердің әкімшілік персоналының еңбегіне ақы төлеу шығыстары штат кестесіне сәйкес табиғи монополия субъектісі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысының он бес еседен аспайтын ең жоғарғы және ең төменгі деңгейінің арасындағы ара қатынасы негізінде шектеледі.

Электр және жылу энергиясының құрамдастырылған өндірісі бар энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру, жылу энергиясын өндіру, беру саласындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты саннан және етінім беру алдында бір жыл бұрын статистика деректері бойынша өнірдегі экономикалық қызметтің түрлері бойынша қалыптасқан өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысынан анықталады.

2) кезең шығындарында ескерілетін міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерлемелерге сәйкес айқындалады:

3) негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің өндірістік емес сипаттағы амортизациялық аударымдары;

4) өзге де әкімшілік шығыстар салалық ерекшеліктерді ескере отырып, растаушы материалдардың негізінде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізіледі.

Өзге де әкімшілік шығыстарға консалтингтік, маркетингтік қызметтердің және мердігерлік тәсілмен жүргізілетін жөндеу жұмыстарының, аудиторлық қызметтердің (акционерлік қоғам нысанындағы табиғи монополиялар субъектілері үшін ғана) және бөгде ұйымдар жүзеге асыратын салалық ерекшеліктерге байланысты басқа қызметтердің, сондай-ақ іссапар шығыстары және әкімшілік персоналдың байланыс, мерзімдік баспасөзге, қызметтік автокөлікті ұстауға, ақпараттық, консультациялық қызметтерге арналған шығыстар кіреді.

Табиғатты қорғау шығыстары, табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы өзге де шығыстарға кіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерлемелер мен алымдар мөлшері ескеріле отырып анықталады.

Өндірістік қажеттілікке байланысты әкімшілік персоналдың біліктілігін арттыруға арналған шығыстар мұндай қажеттілікті растайтын құжаттарды ұсынған кезде кезең шығыстарында ескеріледі.

Өндірістегі өнертапқыштыққа және өнертабыстыққа байланысты шығыстар реттеліп көрсетілетін қызметтердің шенберінде экономикалық негізделген материалдар болған кезде кезең шығыстарына қосылады.

5) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық жобасын іске асыру үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар табиғи монополия субъектісі қарыз қаражатын тарту туралы жасалған шарттарды ұсынған кезде кезең шығыстарына қосылады және былайша айқындалады:

инвестициялық жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынған қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 еселік ресми мөлшерлемесі қолданыла отырып есептелген сома шегінде ескеріледі.

инвестициялық жобаны іске асыру үшін шетелдік валютада алынған қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге шығыстар тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу кезінде Лондон банкаралық нарығының 4 еселік мөлшерлемесі қолданыла отырып есептелген сома шегінде ескеріледі.

Шетелдік валютада алынған қарыз қаражаттары үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштерінің және Қазақстан Республикасы респубикалық бюджетінің

болжамды көрсеткіштерінің негізінде шетелдік валютаға теңге бағамының болжамды өзгеруі ескеріле отырып, тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігінің кезең шығыстарында ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі мен Лондон банкаралық нарығының мөлшерлемесі табиғи монополия субъектісінің тарифін (бағасын, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметасын бекіту жөнінде шешім қабылданған күніне қолданылады.

11. Уәкілетті органның ведомствоны осындай немесе ұқсас қызмет түрімен айналысадын табиғи монополия субъектілерінің жалақыларына жұмсалатын шығындарды салыстырып талдау негізінде, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі қысқарап жағдайда тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемелеріне) енгізілетін әкімшілік және (немесе) өндірістік персоналдардың еңбегіне ақы төлеу шығыстарын төмендету немесе жоғарылатудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары тікжелілік (біркелкі) есептеу әдісі бойынша есептеледі және тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізіледі.

Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаларды бекіткен жағдайда, жалпы шаруашылық және әкімшілік мақсаттағы шығыстарды уәкілетті орган осы Ерекше тәртіптің 5-тармағында көзделген жағдайларда тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) өзгерту алдындағы кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерінде) қабылданған шығыстар шегінде тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемелеріне) енгізеді.

Уәкілетті органның ведомствоны тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) қалыптастыру кезінде табиғи монополия субъектісінің қызметінің тиімділігі төмендеуі (көрсетілген қызметтер (тауарлар, жұмыстар) өзіндік құнының артуы), көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемінің азауы, кредиторлық және дебиторлық берешектердің ұлғаюы жағдайында кезең шығыстарының сомаларын өзгерту мақсаттылығын айқындайды.

3. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемелері) немесе оның шекті деңгейін қалыптастыру кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеу

12. Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларын қалыптастыру және бекіту кезінде тарифтің (бағанын, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігінде мынадай шығыстар ескерілмейді:

нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысыраптарға, тауарлық-материалдық құндылықтардың және қоймалардағы қорлардың бүлінуі мен жетіспеушілігіне басқа өндірістік емес шығыстар мен ысыраптар;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсету, ұсыну кезінде пайдаланылмайтын немесе табиғи монополия субъектісінің теңгерімінде болып табылмайтын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

жалға, сенімгерлікпен басқаруға немесе мұліктік жалға, лизинг бойынша алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдалану үшін жалдау төлемақы шығыстары;

табиғи монополия субъектісінің теңгерімінде болып табылмайтын негізгі құралдарды ұстауға және жөндеуге;

ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары (тастандылары) үшін төлемдер;

сот шығындары;

ұмітсіз борыштар;

шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсім, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың басқа да түрлері;

табысты жасырғаны (кеміткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

ұрлықтан келген залалдар;

қызмет көрсетуші өндірістер мен шаруашылықтарды (үй-жайларды тегін беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына коммуналдық қызметтер құнын төлеу және басқалар) ұстау жөніндегі шығыстар;

құзыретті органмен келісілген технологиялық қажеттіліктен басқа денсаулық сақтау, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, кәсіптік-техникалық училищелер объектілерін ұстауға;

сауықтыру лагерлерін, мәдени және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын ұстауға;

мәдени-ағарту, сауықтыру және спорт іс-шараларын (демалыс кештерін, спектакльдер мен концерттер өткізу) өткізуге;

ұйым қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бау-бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға алған несиelerін, (пайызсызды қоса алғанда) өтеуге арналған;

мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуге арналған;

бау-бақша серіктестіктерін абаттандыруға (жолдар салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру) арналған;

дәрістер, көрмелер, пікірсайыстар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге және ұйымдастыруға, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтардағы мүшелік жарналарға шығыстар;

өндірістік мақсаттарға пайдаланылатын өнімдерді қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалар бойынша, жарнамалық, плакаттық және баспаханалық өнімдер шығару бойынша шығыстар;

табиғи монополия субъектісінің персоналы үшін пәтерлерді, тұрғын үй ғимараттары мен құрылыштарды, жатақханадан және қонақ үйлерден орындар сатып алуға, жалдауға және ұстауға шығыстар (өндірістік шығыстарға жататын реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін технологиялық тұрғыдан қажет, өндірістік персонал үшін темір жол разъездерінде қызметтік тұрғын үйлерді ұстауға арналған шығыстарды қоспағанда);

қаланы абаттандыру, ауыл шаруашылығына көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды және осы тәріздес басқа да жұмыстарды орындауға шығыстар;

білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлердің еңбек демалыстарына ақы төлеуге шығыстар;

жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы беруге және сыйақының басқа да нысандарына шығыстар;

кәсіби ауруларды оңалту еміне байланысты шығындардан басқа, табиғи монополия субъекті қаражаттарының есебінен қызметкерлерге және олардың балаларына емделуге, демалуға, саяхатқа шығуға жолдамаларға ақы төлеу жөніндегі шығыстар;

өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емхана қызметтеріне ақы төлеуге шығыстар;

сақтандыру төлемдері (кәсіпорындармен өз қызметкерлерінің пайдасына жасалған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлеген жарналар);

қызметкерлерге, оның ішінде балалар тәрбиелейтін әйелдерге қосымша берілетін демалыстарға (еңбек заңнамасында көзделгеннен тыс) ақы төлеуге, қызметкердің отбасы мүшелеріне демалысты өткізетін жеріне және қайтар жолына жолақы төлеуге, сондай-ақ пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы төлеуге шығыстар;

демеушілік көмектің барлық тұрлерін көрсетуге шығыстар;

еңбек заңнамасында көзделгеннен басқа табиғи монополия субъектісінің қызметкерлеріне (қызметкерлерге тамақты тегін немесе төмендетілген бағамен

беру, сауықтыру топтарына, секцияларда, клубтарда шұғылдануға арналған абонементтерге, протез салуға ақы төлеу) жеңілдіктер;

мерейтойлық күндерге немесе қызметкерлерге ынталандыру түрінде берілетін (автомашина, пәтерлер, ұзақ уақыт пайдаланылатын заттар мен басқа тауарлар, сондай-ақ қызметкерлердің жеке есептерінің пайыздық мөлшерлемелерін арттыру) сыйлықтарды сатып алуға шығыстар;

мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, шипажайлардағы және сауықтыру лагерлеріндегі балалар тамақтарының құнын өтеуге шығыстар;

тұтынушылардан коммуналдық төлемдерді қабылдау жөніндегі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк және ұйымдар қызметтеріне арналған шығыстар;

ұжымдық шартта айқындалған мақсаттар үшін кәсіподақтарға аударым жасау шығыстары;

тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге, өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстар бойынша модельдер мен үлгілерді жасауға және сынауға (реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынған кезде қолданылатын жұмыстарды қоспағанда), көрмелер, байқаулар, конкурстар мен басқа да іс-шаралар ұйымдастыруға, авторлық сыйақылар төлеуге және басқа байланысты шығыстар;

өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қатысы жоқ және тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) өсуіне алып келетін шығыстар.

13. Сыйлықақыға және жалақыға берілетін басқа да сыйақы түрлеріне арналған шығыстар табиғи монополия субъектісінің (мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) тарифінің (бағасының, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілмейді және табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілмейтін қызметінен алынған кіріс есебінен немесе әкімшілік және өндірістік персоналдарға еңбекақы төлеу шығыстарын үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

14. Шығыстарға бағытталған, тарифтің шығын бөлігінде ескерілмеген субсидияларды қоспағанда, табиғи монополия субъектісіне мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидия тарифтің шығын бөлігін азайтуда ескеріледі.

4. Табиғи монополия субъектілерінің тарифіне (бағасына, алым мөлшерлемесіне) немесе оның шекті деңгейіне енгізілетін пайданы шектеу

15. Үәкілетті органның ведомствосы тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу кезінде белгіленген тәртіппен пайданың жол берілетін деңгейін

қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының шамасына пайда мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде анықтайды. Тарифке енгізілетін пайда деңгейі инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражатты және амортизациялық аударымды ескере отырып шектеледі.

Инвестицияларды табиғи монополия субъектілері меншікті және (немесе) қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырады. Меншікті қаражат көзі кіріс (таза пайда) және амортизациялық аударымдар болып табылады.

Қарыз қаражатын қайтару кіріс (таза пайда) және амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылады.

Акционерге дивидендер төлеу шығыстары пайдаға қосылмайды.

5. Табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарының тозуын есептеуге қолданылатын әдістерді және тарифтік сметасында көзделген амортизациялық аударымдар қаражаттарын пайдалану бағыттарын келісу

16. Уәкілетті орган сумен жабдықтау және (немесе) суды бұру саласындағы қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілерін қоспағанда, табиғи монополия субъектісі негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізгеннен және (немесе) олар реконструкцияланған (жаңғыртылғаннан) кейін тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне амортизациялық аударымдарды өсіруді кезең-кезеңмен енгізеді.

17. Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің тозуын тікжелілік (біркелкі) есептеу әдісін қолдану уәкілетті орган ведомствосының келісімін талап етпейді.

18. Амортизацияны есептеудің өзге әдістерімен амортизацияны қолдану мен есептеуді уәкілетті органның ведомствосы келіседі.

19. Реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетудегі қолданысқа енгізілген активтерден түсетін амортизациялық аударымдар негізгі құралдар құнының артуына әкелетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталады.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейір бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі тәрағасының
2013 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 372-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Табиғи монополия субъектісінің электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін есептеу әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи монополия субъектісінің электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтер немесе олардың шекті деңгейлерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі Әдістеме) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі және "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Зандарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Әдістеме "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (бұдан әрі – Жүйелік оператор) акционерлік қоғамы ұсынып отырған электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтер және оның шекті деңгейлерін есептеудің тетігін айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Әдістемедегі негізгі ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтер немесе олардың шекті деңгейлерін есептеу тетігі

4. Электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтер немесе олардың шекті деңгейлері (T_{md}) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_{md} = \frac{Z + P}{W_{жіб} + W_{им}}$$

(киловатт-сағат үшін теңге (бұдан әрі – теңге/кВт.сағ.)),

мұндағы:

Z – электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметті көрсетуге арналған Жүйелік оператордың экономикалық негізделген жалпы шығындары, теңге;

Р Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2154 тіркелген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің

2003 жылғы 27 қаңтардағы № 17-НҚ бұйрығымен бекітілген Сүмениң жабдықтауға және (немесе) суды бұруға және энергетика секторындағы табиғи монополия субъектілеріне қызмет көрсететін табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес есептелетін электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді тиімді көрсету үшін қажет қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына арналған пайданың жол берілетін деңгейі, теңге;

$W_{жіб.}$ – субъектінің электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді тұтынушылармен жасалған шарттармен, ниет хаттамаларымен және субъектінің жалпыға ортақ сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін қолдау немесе көтеру мақсатында көлемді төмендетуге жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептермен расталған, Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес айқындалған, Қазақстан Республикасының энергия өндіруші үйымдары кернеудің барлық кластарындағы желілері бойынша босатылған, электр энергиясының төрт алдағы тоқсанға немесе өткен күнтізбелік жылға жоспарлы немесе іс жүзіндегі көлемі, кВт.сағ (киловатт-сағ);

$W_{имп.}$ – субъектінің электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді тұтынушылармен жасалған шарттармен, ниет хаттамаларымен және субъектінің жалпыға ортақ сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін қолдау немесе көтеру мақсатында көлемді төмендетуге жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептермен расталған, Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес айқындалған, Қазақстан Республикасының шекарасында алынатын электр энергиясының төрт алдағы тоқсанға немесе өткен күнтізбелік жылға жоспарлы немесе іс жүзіндегі көлемі, кВт.сағ.

Жүйелік оператордың экономикалық негізделген шығындарының (Z) есебі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің, "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 17) тармақшасына және 14-бабы 1-тармағының 18)

тармақшасына сәйкес Жүйелік оператор әзірлеген және табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосымен келісілген жеке құжат не есепке алу саясаты бөлігі түрінде жасалған кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алу әдістемесінің талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК